

*Н. Ш. Қамбарова*

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

(оқу құралы альбом-кесте)

Алматы  
2009

УДК 347.9  
ББК 67.410я73  
Қ 31

*Баспаға Ө. А. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

***Пікір жазғандар:***

заң ғылымының кандидаты ***Б. К. Чингаева***  
заң ғылымының кандидаты ***А. А. Аралбаева***

**Н. Ш. Қамбарова**  
**Қ 31 Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы (альбом-кесте).**— Алматы:  
Нұр-пресс, 2009.— 108 б.

**ISBN 9965-813-74-4**

Оқу құралының мәтіні қолдануға ыңғайлы болу үшін альбом-кесте үлгісінде ұсынылып отыр. Бұл оқу құралын заң факультетінің студенттері, магистранттары емтиханға дайындалу үшін қолданып, өте қысқа мерзімде «Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнін оқып-үйрену барысында алған білімдерін жүйелендіріп, нақтылай алады. Сонымен қатар, студенттерге назарын негізгі түсініктемелерге, олардың белгілері мен ерекшеліктеріне аударып, мүмкін болатын емтихан сұрақтарына өз жауабын тез қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**УДК 347.9**  
**ББК 67.410я73**

Қ  $\frac{1203021300}{00(05)-09}$


**ISBN 9965-813-74-4**

© Н. Ш. Қамбарова, 2009.  
© Нұр-пресс, 2009.

# I ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ САТЫЛАРЫ


## I-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ТҮРЛЕРІ

Азаматтық сот ісін жүргізу- азаматтық істі қарап, шешу барысында пайда болатын соттың және басқа да қатысушы субъектілердің іс жүргізушілік әрекеттерінің жиынтығы



## 2-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ САТЫЛАРЫ

Азаматтық сот ісін жүргізу сатылары – бір-біріне жақын іс жүргізушілік мақсаттардың біріктілігін сипаттайтын, біртұтас азаматтық сот ісін жүргізудің құрамдас бөліктері



**Сотта азаматтық іс қозғау** – талап қою арқылы, шағым немесе арыз беру арқылы қозғалады; талап арызды қабылдай отырып сот азаматтық іс қозғау туралы ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК-нің 150-165 баптары);

**істі сотта қарауға әзірлеу** – сот барлық мүдделі тұлғалардың қатысуымен жүргізеді. **Мақсаты:** алғашқы сот отырысында істі қарап, шешуді қамтамасыз ету (ҚР АІЖК-нің 166-173 баптары);

**соттың бірінші инстанциясында іс қарау** - істі мәні бойынша қарау сот шешімін шығарумен аяқталады (ҚР АІЖК-нің 174-216 баптары). Кей жағдайларда істі қарау сот шешімін шығарусыз аяқталады;

**апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша іс қарау** – соттың заңды күшіне актілеріне апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру арқылы қозғалады (ҚР АІЖК-нің 332-369 баптары). **Мақсаты:** заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін мүдделі тұлғалардың шағымы немесе прокурордың наразылығы бойынша тексеру;

**қадағалау тәртібімен іс жүргізу** – соттың заңды күшіне енген актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарау (ҚР АІЖК-нің 384-403 баптары). Бұл саты прокуратура органдарының лауазым иелері наразылық келтірген мерзімнен басталады;

**заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау** жөнінде іс жүргізу (ҚР АІЖК-нің 404-409 баптары). Бұл саты іс қарау кезінде сотқа арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған, іс үшін елеулі мәні бар мән-жайлар белгілі болған жағдайда қозғалады;

**атқарушылық іс жүргізу** – шешімді орындауға тиісті тұлға міндеттерін ерікті орындамаған жағдайда мәжбүрлеп орындатуды қамтамасыз етеді.

## II ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

### 3-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері - азаматтық істер бойынша әділеттілікті атқаруды реттейтін және іс жүргізушілік нормалардың мазмұнын анықтайтын негізгі құқықтық идеялар

*Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптерін топтау*

*Бекітілген нормативтік қайнар көзі бойынша*

*Конституциялық принциптер*

А)

**Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы** (ҚР Конституциясының 75 – бабы, ҚР «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық Заңының 1-бабы» ҚР АІЖК-нің 7-бабы);

**судьялардың тәуелсіздігі** (ҚР Конституциясының 77 – бабы, ҚР «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық Заңының 25-бабы» ҚР АІЖК-нің 12-бабы);

**сот актілерінің міндеттілігі** (ҚР Конституциясының 76 – бабы, ҚР АІЖК-нің 21-бабы);

**соттардың ауыстырылмайтындығы** (ҚР Конституциясының 79 – бабы, ҚР «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық Заңының 24-бабы»);

**әркімнің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғау** (ҚР Конституциясының 13 – бабы, ҚР АІЖК-нің 8-бабы).

**Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмаушылық** (ҚР Конституциясының 18-бабы, ҚР АІЖК-нің 10-бабы);

**меншікке қол сұғылмаушылық** (ҚР Конституциясының 26-бабы, ҚР АІЖК-нің 11-бабы);

**заң мен сот алдындағы теңдік** (ҚР Конституциясының 14-бабы, ҚР АІЖК-нің 13-бабы);


**сот ісін жүргізу тілі** (ҚР Конституциясының 7-бабы, ҚР АІЖК-нің 14-бабы);

**жеке адамның ар-намысымен, қадір-қасиетін құрметтеу** (ҚР Конституциясының 17 – бабы, ҚР АІЖК-нің 9-бабы);

**қуәлік жауап беру міндетінен босату**, (ҚР Конституциясының 77 – бабы, ҚР АІЖК-нің 17-бабы).

Б)

**Салалық заңдармен бекітілген  
принциптер**



<b>Заңдылық</b> (ҚР АІЖК-нің 6-бабы);
<b>диспозитивтік</b> (ҚР АІЖК-нің 49 бабы);
<b>тараптардың жарыспалылығы және іс жүргізушілік теңдігі</b> (ҚР АІЖК-нің 15-бабы);
<b>дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау</b> (ҚР АІЖК-нің 16-бабы);
<b>сотта істі қараудың жариялылығы</b> (ҚР АІЖК-нің (19-бабы);
<b>сотта іс қараудың ауызшалылығы және тікелейлігі</b> ҚР АІЖК-нің (177-бабы);
<b>білікті заң көмегін алуға құқықты қамтамасыз ету</b> (ҚР АІЖК-нің 18-бабы);
<b>сотта қарау барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету</b> ҚР АІЖК-нің 20-бабы).

#### 4-СҰРАҚ. ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚ ПРИНЦИПІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

**Жалпы құқықтық заңдылық принципін азаматтық іс жүргізуде жүзеге асырылуы** - сот істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешу кезінде ҚР Конституциясының, ҚР АІЖК-нің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті. Азаматтық істерді қарау барысында сот материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданып, іс жүргізу құқығы нормаларын дұрыс жүзеге асыруы тиіс ( ҚР АІЖК-нің 6, 365, 366 баптары).

**Материалдық құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы (ҚР АІЖК-нің 365-бабы).**


Қолданылуға тиісті заң қолданылмаса;  
қолданылмауға тиісті заң қолданылса;  
заң дұрыс түсіндірілмесе;  
заң ұқсастығы немесе құқық ұқсастығы дұрыс қолданылмаса.

**Іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы және дұрыс қолданылмауы (ҚР АІЖК-нің 366-бабы).**

Егер істі қарауға құқығы жоқ сот қараса;  
сот ісі сот отырысының уақыты мен орны хабарланбаған іске қатысушы тұлғалардың біреуі болмаған жағдайда қараса;  
істі қарау кезінде сот іс жүргізу тілі туралы ережені бұзса;  
сот іске қатысуға тартылмаған тұлғаның құқықтары мен міндеттері туралы мәселелерді шешсе;  
шешімге сот қол қоймаса, немесе шешімде көрсетілгеннен басқа сот қол қойса;  
істе сот отырысының хаттамасы болмаса;  
істе әрбір жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама болмаса.

### III ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР


#### 5-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР





## 6-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері



**Тек құқықтық негізде орын алады** - бұл материалдық-құқықтық қатынастардан негізгі айырмашылығы. Мысалы, отбасы құқыққатынасы құқықтық реттеуден тәуелсіз пайда болады, құқық бұл салаға отбасы құқыққатынасының мәнді және маңызды мәселелері туындаған жағдайда араласады. Ал азаматтық іс бойынша іс жүргізушілік құқықтық қатынастар құқықтық нысаннан тыс орын алуы мүмкін емес;

**билікті сипатта орын алады** – сот билік органы ретінде қатысады, сондықтан оның өкімдік әрекеттері азаматтық іс жүргізудің барлық қатысушылары үшін сөзсіз міндетті;


**құқыққолдану сипатында орын алады** – өйткені, негізгі қызметі материалдық және процессуалдық құқық нормаларын қолдану;

**сот міндетті субъектісі.** Соттың қызметінсіз азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынас туындауы мүмкін емес;


**көпсубъектілігі** – соттан басқа да азаматтық іс жүргізудің субъектілері қатысады (мысалы, талап қоюшы, жауапкер, сот өкілдері, дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар, т.с.с.);

**динамикалылығы** – іс жүргізу заңында көзделген тәртіпке сай, бір іс жүргізушілік әрекеттің келесі әрекетпен бірізді ауысуы).

## 7-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ АЛҒЫШАРТТАРЫ




## 8-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ




## IV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТАРАПТАРЫ


### 9-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТАРАПТАРЫ



## 10-СҰРАҚ. ТАРАПТАРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



## 11-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУГЕ ТЕҢ ҚАТЫСУ



## 12-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ТИІСТІ ЕМЕС ЖАУАПКЕРДІ АУЫСТЫРУ

**Тиісті емес жауапкер** - алғашқы талап бойынша даулы-материалдық құқықтық қатынастың қатысушысы деп қате пайымдалған. Іске тиісті емес жауапкердің қатысуы дауды заңды және негізді шешуге кедергісін тигізеді. Яғни тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыру қажеттігі туындайды(ҚР АІЖК-нің 51 бабы).

**Шарттары:** Алғашқы істі қозғаған талап қоюшының келісімі.

**Құқықтық салдары:** тиісті жауапкер іске тартылады; істі дайындау және қарау басынан бастап жүргізіледі.

**Легитимация** - тараптарға тән сипатты анықтау және дәлелдеу

## 13-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ МИРАСҚОРЛЫҚ

**Іс жүргізушілік құқықтық мирасқорлық** – даулы немесе шешіммен белгіленген құқықтық қатынастардың тараптарының біреуі шығып қалған жағдайда сот ол тарапты оның құқық мирасқорымен ауыстырады (ҚР АІЖК-нің 54 бабы). Құқықтық мирасқорлық сот ісін жүргізудің кез келген сатысында орын алуы мүмкін. Құқық мирасқоры үшін ол іс жүргізуге тартылғанға дейінгі барлық іс жүргізушілік әрекеттер құқық өткерушіге қандай мөлшерде міндетті болса, құқық мирасқорына да сондай мөлшерде міндетті. Іс жүргізушілік құқықтық мирасқорлық сот ұйғарымымен ресімделеді. **Іс жүргізушілік құқықтық мирасқорлық тек мүліктік даулар бойынша орын алады.** Егер материалдық құқыққатынас тараптың жеке басына байланысты болса, іс жүргізушілік мирасқорлық орын алмайды (Мысалы, алимент өндіру, некені бұзу, жұмысқа қайта алу туралы талаптар және т.б.).


**Әмбебап** – құқық мирасқорына барлық құқықтар мен міндеттердің өтуі.

**Негіздері:** Азаматтың қайтыс болуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы. Құқық мирасқоры іс жүргізуге тартылғанша, сот іс жүргізуді тоқтата тұруға міндетті.

**Сингулярлы** – құқық мирасқорына ішінара құқықтар мен міндеттердің өтуі.

**Негіздері:** Талапқа жол беру, борышты ауыстыру және материалдық құқықтық қатынастардағы тұлғалардың басқа да өзгеру жағдайы. Сот іс жүргізуді тоқтата тұруға міндетті емес.


## 14-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР






## V ТАҚЫРЫП. ПРОКУРОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ

### 15-СҰРАҚ. ПРОКУРОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ




## VI ТАҚЫРЫП. СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ

### 16-СҰРАҚ. СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ




## 17-СҰРАҚ. СОТТАҒЫ ӨКІЛДІКТІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ СУБЪЕКТІЛЕРІ




## 18-СҰРАҚ. СОТТА ӨКІЛ БОЛА АЛМАЙТЫН ТҰЛҒАЛАР

Соттар, тергеушілер, прокурорлар және өкілді органдардың депутаттары (тиісті ұйымдардың уәкілеттілігі берілмесе, немесе заңды өкіл ретінде қатыспаса);
адвокатура туралы заңмен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар;
егер мүдделері өзі өкіл болып отырған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе, немесе бұрын көрсеткен болса;
сот, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде бұрын осы іс бойынша қатысса;
істі қараушы лауазымды тұлғамен туыстық қатынаста болса.

## 19-СҰРАҚ. ӨКІЛДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ




## 20-СҰРАҚ. ӨКІЛДІҢ ӨКІЛЕТТІГІН РЕСІМДЕУ




## VII ТАҚЫРЫП. ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

### 21-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ



## 22-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН МЕРЗІМДЕР (СОТ ҮШІН)





**23-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН МЕРЗІМДЕР  
(ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН)**

**Заңмен белгіленген**




Қосымша шешім шығару туралы (ҚР АІЖК-нің 231 бабы);
сот отырысының хаттамасына ескертпе беру туралы (ҚР АІЖК-нің 258 бабы);
сот актілеріне апелляциялық шағым беру, наразылық келтіру туралы (ҚР АІЖК-нің 334 бабы);
заңды күшіне енген сот актілеріне қадағалау тәртібімен шағым жасау, наразылық келтіру (ҚР АІЖК-нің 388 бабы);
заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы (ҚР АІЖК-нің 406- 407 баптары).

**Сот тағайындаған (құқығы бар)**



Сот шығындарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы;
талап арыздың кемшіліктерін жою туралы;
істі сотта қарауға әзірлеу барысында тараптарға немесе басқа іске қатысушы тұлғаларға атқаруы тиіс іс жүргізушілік әрекеттерін атқару туралы;
істі қарауды кейінге қалдыру туралы;
шешімді дереу орындау мерзімі.

## 24-СҰРАҚ. ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЯҚТАЛУЫ



## VIII ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ

### 25-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ

Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы – құқық туралы дауды немесе басқа да заңи істерді қарауды белгілі органның құзыретіне жатқызу. Әрбір орган тек өзінің ведомстволық бағыныстылығына қарасты мәселелерді шешуге құқылы.

#### Ведомстволық бағыныстылықтың түрлері

**Айрықша ведомстволық бағыныстылық** - істі қарап, шешу бір органға бағынысты (мысалы, ата-аналық құқығынан айыру туралы істер тек сотта қаралады).

**Көптік ведомстволық бағыныстылық** – істі қарап, шешу бірнеше органның құзыретіне жатады (мысалы, мүліктік даулар мемлекеттік қана емес, аралық соттарда да шешілуі мүмкін).

**Шарттық ведомстволық бағыныстылық** – тараптардың өзара келісімі бойынша анықталады;

**императивті ведомстволық бағыныстылық** – істің бірнеше юрисдикциялық органдарда нақты анықталған кезек бойынша қаралуы (мысалы, еңбек даулары). Әрбір кейінгі істі қарап шешуге қатысушы орган өзіне дейінгі органның қабылдаған шешімінің дұрыстығын қадағалауға құқықты;

**шартты ведомстволық бағыныстылық** – заңда көрсетілген шарт туындаған жағдайда ғана орын алады;

**баламалы ведомстволық бағыныстылық** - бұзылған құқығын қорғау үшін жүгінуші тұлға өзінің қалауы бойынша анықтайды. Бұл тұлғаның жүгіне алатын органдары заңда көрсетілген. Егер баламалы ведомстволыққа сәйкес тұлға өзінің құқығын қорғау үшін соттық емес органдарға жүгінсе, кейіннен осы мәселені шешу мақсатында сотқа жүгіне алады;


**аралас ведомстволық бағыныстылық** – ведомстволық бағыныстылықтың басқа түрлеріне тән белгілерінің қосындысынан тұрады (өте жиі императивті және баламалы ведомстволық бағыныстылықтың қосындысы).

## 26-СҰРАҚ. ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫН АЙЫРУ ӨЛШЕМДЕРІ




# IX ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ

## 27-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ




# X ТАҚЫРЫП. СОТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

## 28-СҰРАҚ. СОТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ



## 29-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮ БАҒАСЫН АНЫҚТАУ


**Талап қою бағасы** - талап қоюшының мүліктік талабының ақшалай көрінісі (ҚР АІЖК-нің 102 бабы). Әр уақытта талап қоюшы анықтайды (қарсы талап бойынша –жауапкер).




Ақша қаражатын өндіріп алу туралы талаптан - өндірілетін сомамен;
мүлікті талап ету туралы талаптан - талап ету кезінде мүліктің тұрған жерінде нарық бағасы бойынша анықталатын, табылған мүліктің құнымен;
алимент өндіру туралы талаптан – барлық төлемдер мен берулердің жиынтығымен (үш жылдан аспайтын сомасы);
мерзімді төлемдермен оларды беру туралы талаптан - барлық төлемдер мен берулердің жиынтығымен (үш жылдан аспайтын сомасы);
мерзімсіз және өмір бойы төлемдер мен берулер туралы талаптардан - үш жыл ішіндегі жиынтығымен;
төлемдерді немесе берулерді азайту, я көбейту туралы талаптан - жалпы сомамен (бір жылдан аспайтын сомасы);
төлемдер мен берулерді тоқтату туралы талаптан - қалған төлемдер мен берулердің жиынтығымен (бір жылдан аспайтын сомасы);
мүлікті жалдау (жалға алу) шартын мерзімнен бұзу туралы талаптан – шарттың (келісім шарттың) қолданылуының қалған мерзімінде мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін төлемдердің жиынтығымен (үш жылдан аспайтын сомасы);
азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі құрылыстарға меншік құқығы туралы талаптардан — талап қойылған күнгі құрылыс тұрған жердегі нарық бағасы бойынша белгіленген құрылыс құнымен анықталады, бірақ ол түгендеу бағасынан кем болмауға немесе сақтандыру шарты бойынша бағалаудан төмен болмауға, ал ұйымдарға тиісті құрылыстар үшін құрылыстың баланстық бағасынан төмен болмауы тиіс;
тең талапкерлердің талабынан — барлық талаптардың ортақ сомасымен айқындалады.

### 30-СҰРАҚ. МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ


Мемлекеттік баж төлеуден босату - ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 501-бабымен, ҚР АІЖК-нің 106-бабымен реттеледі



<b>Талапкерлер</b> - еңбекақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талаптан және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша;
<b>талапкерлер</b> – авторлық құқықтан, сондай-ақ жаңалық ашуға, өнер табысқа, рационализаторлық ұсынысқа және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтардан туындайтын талаптар бойынша;
<b>талапкерлер</b> – алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша;
<b>талапкерлер</b> – мертігуге немесе денсаулығына зақым келуіне, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша;
<b>талапкерлер</b> – қылмыспен келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру туралы талап қоюлар бойынша;
<b>жеке адамдар</b> – некені бұзу туралы істер бойынша апелляциялық шағымдардан;
<b>іске қатысы жоқ тұлғалардан басқа жеке және заңды тұлғалар</b> – оларға қылмыстық істерге және алимент бойынша істерге байланысты құжаттар бергені үшін;
<b>талапкерлер</b> – Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұзу арқылы мемлекетке келтірілген залалды өтеу қаражатын мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша;
<b>білікті еңбек қызметкерлерін және біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмысшы кадрларын дайындауды қамтамасыз ететін кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлер</b> – оқу орындарын өз бетімен тастап кеткен немесе олардан шығарылған оқушыларды күтіп қарауға мемлекет шығарған шығындарды өндіріп алу жөніндегі талап қоюлар бойынша;
<b>жеке тұлғалар</b> – қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіріп алудың дұрыстығына дау айтылатын қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдардан;
<b>заңдарда көзделген жағдайларда басқа тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға сотқа арыз жазып жүгінген жеке және заңды тұлғалар;</b>
<b>талапкерлер</b> – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер – барлық істер мен құжаттар бойынша;
<b>талапкерлер</b> – оралмандар (репатрианттар) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық істер мен құжаттар бойынша;
<b>прокуратура органдары</b> – барлық талап қоюлар бойынша;








<p><b>жеке және заңды тұлғалар</b> – сотқа мынадай арыздарды бергені үшін: іс жүргізуді қысқарту туралы сот ұйғарымының күшін жою немесе соттың іс жүргізуді қысқарту туралы мәлімдемесін қарамай қалдыру немесе арызды қарамай қалдыру туралы; шешімнің орындалуын кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы; шешімді орындаудың әдісі мен тәртібін өзгерту туралы; талап қоюларды қамтамасыз ету немесе қамтамасыз етудің бір түрін басқаларымен ауыстыру туралы; жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша соттың шешімдерін, ұйғарымдарын немесе қаулыларын қайта қарау туралы; сот ұйғарымдарымен салынған айыппұлдарды қосу немесе азайту туралы; өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы сот шешімдерінің орындалуын кері бұрып атқару туралы;</p>
<p><b>мемлекеттік мекемелер</b> - үшінші тұлғалардың мүдделерін қорғайтын жағдайларды қоспағанда, өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қойған және сот шешіміне шағым жасаған кезде;</p>
<p><b>мүгедектердің қоғамдық ұйымдары</b> - өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қоюларды берген кезінде;</p>
<p><b>сақтандырушылар мен сақтанушылар</b> – міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын талап қоюлар бойынша;</p>
<p><b>талапкерлер мен жауапкерлер</b>-азаматқа заңсыз сотталу, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен қамауға алуға заңсыз тарту не тұтқынға алу немесе түзеу жұмыстары түрінде заңсыз әкімшілік жазаға тарту арқылы келтірілген залалды өтеуге байланысты даулар бойынша;</p>
<p><b>Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері</b> - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қоюларды берген кезде;</p>
<p><b>қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган</b> - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап-арыздар берген кезде;</p>
<p><b>еріксіз таратылатын банктердің тарату комиссиялары</b> – қарыз берешегін өндіріп алу туралы және таратылатын банктердің борышкерлерін банкрот деп тану туралы талап қоюлар бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатылады.</p>

# XI ТАҚЫРЫП. СОТТА ДӘЛЕЛДЕУ МЕН ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

## 31-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕУ НЫСАНАСЫ



## 32-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕУДЕН БОСАТЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР


### Дәлелдеуден босатылған мән-жайлар (ҚР АІЖК 71-бабы)

**Жалпыға белгілі** – көпшілікке белгілі мән-жайлар, мысалы, тарихи деректер.

Жалпыға белгілілік-салыстырмалы түсінік, сондықтан сотқа әрбір нақты жағдайда қайсы бір деректі жалпыға белгілі деп тану немесе танымау құқығы берілген. Осыған байланысты сот негізді шешім қабылдауы тиіс(ҚР АІЖК 71-бабының 1 тармағы).


**Преюдициалды** – соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі мен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және сол тұлғалар қатысатын басқа азаматтық істерді қарау кезінде қайтадан дәлелденбейді; соттың қылмыстық іс бойынша күшіне енген талапты қанағаттандыру туралы үкімі оған қатысты соттың үкімі болған тұлға әрекеттерінің азаматтық құқықтық салдары туралы істі қарайтын сот үшін міндетті. Заңды күшіне енген сот үкімі мұндай азаматтық істі қараған сот үшін, осы әрекеттер орын алды ма және оларды осы тұлға жасады ма деген мәселелер бойынша, сондай-ақ үкіммен белгіленген мән-жайларға және олардың құқықтық бағасына қатысты да міндетті болып табылады. Заңға сәйкес анықталды деп ұйғарылған деректер азаматтық істі қарау кезінде дәлелденбейді (ҚР АІЖК 71-бабының 2, 3, 4 тармақтары).

### 33-СҰРАҚ. ПРЕЮДИЦИАЛДЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКТЕЛУІ



### 34-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙТЫН НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР

**Нақты деректер** –заң талаптарын бұза отырып, іске қатысушы тұлғалардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды ығыстыру арқылы, немесе істі сотта қарауға әзірлеу кезінде, немесе сотта қарау барысында азаматтық іс жүргізудің өзге де ережелерін бұза отырып алынған дәлелдемелерді пайдалануға жол берілмейді (ҚР АІЖК-нің 69 бабы).



Күш қолдану, қорқыту, алдау, сол сияқты өзге де заңсыз іс-әрекеттерді қолдана отырып алынған;

оларға түсіндірмеудің, толық немесе дұрыс түсіндірмеудің салдарынан туындаған іске қатысушы тұлғалардың өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты жаңылуын пайдалана отырып алынған;

нақты азаматтық іс бойынша іс жүргізу әрекеттерін атқаруға құқығы жоқ тұлғаның әрекеттеріне байланысты алынған;


қарсылық білдіруге жататын тұлғаның іс жүргізу әрекетіне қатысуы арқылы алынған;

іс жүргізу әрекеттерінің тәртібін айтарлықтай бұза отырып алынған;

белгісіз қайнар көзден немесе сот отырысында анықталуы мүмкін емес қайнар-көзден алынған;

дәлелдеу барысында қазіргі ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдана отырып алынған ( олар нақты деректердің растығына әсер етсе, немесе әсер етуі мүмкін болса).


### 35-СҰРАҚ. СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ



### 36-СҰРАҚ. СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІН ЖІКТЕУ




## 37-СҰРАҚ. СОТТА ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ






### 38-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ



### 39-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕУ КЕЗЕҢДЕРІ



#### 40-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ

**Сотта дәлелдемелерді зерттеу** — оны тікелей қабылдау, бір дәлелдемені басқасының көмегімен тексеру, қарама- қайшылықтарын жою. Дәлелдемені зерттеуге сот және барлық іске қатысушы тұлғалар қатысады.

#### Дәлелдемелерді зерттеу құралдары

Сот тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерін тыңдайды (ҚР АІЖК 78 бабы), сот және іске қатысушы тұлғалар тараптарға және үшінші тұлғаларға сұрақтар қоя алады;

куәлар мен сарапшылардан жауап алынады, қажет болған жағдайда сот олардың айғақтарында қайшылықтарын анықтау үшін куәлар арасында беттестіру жүргізеді (ҚР АІЖК 96, 197 баптары);

жазбаша дәлелдемелер сот отырысында жария етіледі және іске қатысушыларға, сот өкілдеріне, ал қажет болған жағдайда сарапшыға, маманға және куәларға көрсетіледі (ҚР АІЖК 201 бабы);

заттай дәлелдемелерді сот қарайды және олар іске қатысушы тұлғаларға, сот өкілдеріне, ал қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі (ҚР АІЖК 203 бабы);

сотқа ұсынылуы қиын немесе жеткізуге болмайтын құжаттар мен заттай дәлелдемелер олар орналасқан жерде қаралады және зерттеледі; қарау іске қатысушы тұлғалармен, қажет болған жағдайда куәлармен және сарапшымен жүргізіледі (ҚР АІЖК 204 бабы).

#### 41-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

Дәлелдемелерді бағалау — тиісті сот қаулысында бекітілген дәлелдеменің күші және маңызы, шындыққа сәйкестігі туралы соттың құқықтық салдары бар соңғы тұжырымы. Әрбір дәлелдеме — **қатыстылығы, жол берілуі, растығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы жеткіліктігі** тұрғысынан бағалануға тиіс (ҚР АІЖК-нің 16,77 баптары).



Дәлелдемелердің жиынтығы, егер іске қатысты дәлелдеуге жататын немесе тарап жоққа шығармаған барлық және әрбір мән-жайлар туралы ақиқатты даусыз айқындауға жол беретін және сенімді дәлелдемелер жиналса, азаматтық істі шешу үшін жеткілікті болып табылады. Сот үшін ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды, тіпті сарапшының қорытындысы сот үшін міндетті болып табылмайды және бағалаудың жалпы ережелерімен бағаланады (ҚР АІЖК-нің 16,77 баптары).

#### 42-СҰРАҚ. ДӘЛЕЛДЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Заңмен танылатын дәлелдеу құралдары**




Тараптар және заңды тұлғаның түсініктемелері;
куәнің айғақтары;
жазбаша дәлелдемелер;
заттай дәлелдемелер;
сарапшының қорытындысы.

#### 43-СҰРАҚ. ТАРАПТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРІ

**Тараптардың және үшінші тұлғалардың** іс үшін маңызы бар, өздеріне белгілі мән-жайлар туралы түсініктемелері іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелермен қатар тексеруге және бағалауға жатады. Көрсетілген тұлғалардың түсініктемелері ауызша және жазбаша болуы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 78 бабы).

**Талапты тану** — тараптың талабын немесе қарсылығын негіздейтін деректерді екінші тараптың мойындауы ол тарапты осы деректерді одан әрі дәлелдеу қажеттілігінен босатады. Тарап мойындаған дерек сот отырысының хаттамасына енгізіледі және оған осы деректі мойындаған тарап қол қояды. Егер деректі тану жазбаша өтініште баяндалса, ол іске қосылып тігіледі. Егер деректі тану шындығында болған мән-жайды жасыру мақсатымен не алдаудың, күш қолданудың, қорқытудың немесе жаңылту әсерінен жасалғандығына соттың күдігі болса, ол тануды қабылдамау туралы ұйғарым шығарады. Аталған деректер жалпы тәртіппен дәлелденуі тиіс (ҚР АІЖК-нің 78 бабы).



#### 44-СҰРАҚ. КУӘНІҢ АЙҒАҚТАРЫ

##### Куәнің айғақтары

Куә болып, іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған тұлға табылады (ҚР АІЖК–нің 79 бабының 1 тармағы.) Сотқа куә ретінде шақырған адамның жасы шектелмейді: сотқа кәмелетке толмаған куәні шақыру туралы мәселені шешу соттың құзыретіне жатқызылады. Куәнің айғағы, егер ол өзіне мәлім мән-жайды алу қайнар көзін көрсете алмаса, дәлелдеме деп танылмайды.

*Куә ретінде жауап алуға жатпайтын тұлғалар* (ҚР АІЖК–нің 79 бабының 2 тармағы)

Балаларды тәрбиелеу туралы даулар бойынша істерді қоспағанда өзінің жастығына, дене немесе психикалық кемістігіне орай деректерді дұрыс қабылдауға және олар туралы дұрыс **айғақ беруге қабілетсіз тұлғалар;**

сот өкілінің немесе қорғаушының міндетін атқаруына байланысты өздеріне белгілі болған мән-жайлар туралы - **сот өкілдері немесе қорғаушылар;**


кеңесу бөлмесінде шешім немесе үкім шығару кезінде туындаған мәселелер бойынша - **судья;**

аралық соттың судьясына немесе төрелік етушіге өз міндеттерін атқаруға байланысты мәлім болған мән-жайлар бойынша - **аралық судья немесе төреші;**

оларға тәубаға келу кезінде сенім білдірген адамдардан белгілі болған мән-жайлар туралы - **дін қызметшілері;**


заңда көрсетілген **басқа да адамдар.**

**45-СҰРАҚ. КУӘНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ**



## 46-СҰРАҚ. ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

**Жазбаша дәлелдемелер** – іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар (ҚР АІЖК-нің 81 бабы).



**Актілер** - мемлекеттік билік органдарының және басқармаларының өз құзыреті шегінде шығаратын қаулы, шешім, бұйрықтары және с.с;

**құжаттар** (латынша «documentum»- куәлік) – бұл ең алдымен азаматтардың жеке құжаттары, белгілі бір деректерді куәландыратын жазбаша тасымалдаушылар, сонымен қатар заңи мәні бар деректерді (келісім шарттар, арыздар, төлем құжаттары және с.с.) жасаумен байланысты деректер;

**іскерлік сипаттағы хаттар** - іске маңызы бар мәліметтерді қамтитын болса жазбаша дәлелдемелер болып табылады;

**жеке сипаттағы хаттар (переписка)** - қандай да бір заңды деректі растайтын немесе жоққа шығаратын болса, жазбаша дәлелдемелер болып табылуы мүмкін;

**әртүрлі ақпараттарды техникалық тасымалдаушылар** - (карталар, сызбалар, схемалар, жоспарлар), сонымен бірге сотта мамандардың көмегімен дәлелдеме ретінде зерттелетін музыкалық ноталар;

сот - қажет болған жағдайда, **электронды-есептегіш техникасының** көмегімен алынған құжаттарды дәлелдеме ретінде қабылдауы мүмкін; іске қатысушы тұлғаның пікірлерін ескере отырып, ұсынылған **дыбыс немесе бейне жазбалары**.



## 47-СҰРАҚ. ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ, ҰСЫНУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Жазбаша дәлелдемелерді жинау, ұсыну және зерттеу ерекшеліктері

Егер тарап сот сұратқан дәлелдемені өзінде ұстап қалса, және оны соттың **сұратуы бойынша ұсынбаса**, ондағы мәліметтер осы тараптың мүдделеріне қарсы бағытталған деп ұйғарылады және ол тарап **таныған** деп есептелед. (ҚР АІЖК-нің 66 бабының 10 тармағы);

талап етілген жазбаша дәлелдемелерді табыс ету немесе оны сот белгілеген мерзімде табыс ету мүмкіндігі жоқ тұлғалар себептерін көрсете отырып сотқа хабарлауға міндетті. (ҚР АІЖК-нің 83 бабының 1 тармағы);

сот хабардар етілмеген жағдайда, сондай-ақ соттың жазбаша дәлелдемелерді табыс ету талабы сот **дәлелсіз** деп таныған **себептер бойынша орындалмаса**, іске қатысушы тұлғалар – **он айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде, ал соттың **қайталама** және одан **кейінгі** талаптарын **орындамаған** жағдайда – **жиырма айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде **айыппұл** төлейді (ҚР АІЖК-нің 83 бабының 2 тармағы);

құжаттар мен оларды қарау хаттамалары сот отырысында жария етіледі және іске қатысушы тұлғаларға сот өкілдеріне, ал қажет болған жағдайда сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі (ҚР АІЖК-нің 201 бабы). Азаматтардың **жеке хат алысу** және **жеке телеграфтық хабар** беру құпиясын қорғау мақсатында хат алысу мен телеграфтық хабарлар ашық сот отырысында олардың **келісімімен** ғана **жария** етіліп, **зерттелуі** мүмкін. Келісімдер болмаған жағдайда бұл әрекет жабық сот отырысында жүзеге асырылады (ҚР АІЖК-нің 202 бабы);

істе **дәлелдеменің жалған** екені мәлімденген жағдайда осы дәлелдемені ұсынған тұлға соттан оны дәлелдемелер қатарынан **алып тастап**, істі өзге дәлелдемелердің негізінде шешуді өтіне алады. Дәлелдемелердің **жалғандығы** туралы мәлімдеуді тексеру үшін сот **сараптама** тағайындай алады, сондай-ақ тараптарға **өзге дәлелдемелер** беруді ұсына алады. Егер ұсынған дәлелдемесі жалған деп танылған тұлғаның іс-әрекетінде **қылмыс белгілері** болса, сот **прокурорға** хабарлай отырып, бұл дәлелдемелерді қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін тиісті **алдын ала тергеу** немесе **анықтау** органына жібереді (ҚР АІЖК-нің 208 бабы).

## 48-СҰРАҚ. ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Өзінің сыртқы түрімен, қасиеттерімен немесе өзге де белгілерімен іс үшін маңызы бар мән-жайды анықтау құралы бола алады деп ұйғаруға негіз болса, олар **заттай дәлелдемелер** деп танылады. (ҚР АІЖК-нің 86 бабы).



### *Жазбаша дәлелдемелерді сақтау және қарау ерекшеліктері*

Заттай дәлелдемелер істе сақталады немесе айрықша тізім бойынша соттың дәлелдемелер сақтау камерасына өткізіледі. Сот заттай дәлелдемелерді өзгеріссіз қалпында сақтауға шара қолданады. Сотқа әкелу мүмкін емес заттар тұрған жерінде сақталады. (ҚР АІЖК-нің 87 бабы);


сотқа әкелуге мүмкін емес заттарды сот тұрған жерінде қарап, іске қосып тігілетін хаттамада жан-жақты сипаттайды, ал қажет болған жағдайда суретке түсіріп, оны мөрмен бекітеді. (ҚР АІЖК-нің 87 бабы);

тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді сот дереу қарап, зерттеп иесіне қайтарады. (ҚР АІЖК-нің 88 бабы);


заттай дәлелдемелер сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін иесіне қайтарылады немесе сот бұл заттарға құқығын белгілеген тұлғаларға беріледі немесе сот белгілеген тәртіппен өткізіледі. Заң бойынша азаматтардың иелігінде бола алмайтын заттар тиісті ұйымдарға беріледі (ҚР АІЖК-нің 89 бабы).

## 49-СҰРАҚ. САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУ

**Сараптама тағайындау** - арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізілетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталуы мүмкін жағдайларда жүзеге асырылады.



### Сараптаманың түрлері



Сараптама жүргізуді **жеке** сарапшы жүзеге асыруы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 94 бабы);

күрделі сараптамалық зерттеулерді бір мамандықтағы бірнеше сарапшы жүргізуі қажет болған жағдайда **комиссиялық** сараптама тағайындалады (ҚР АІЖК-нің 94 бабы);


іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім саласының негізінде зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда, мамандығы әртүрлі сарапшыларға сот өздерінің құзіреті шеңберінде **кешенді** сараптама жүргізуді тағайындайды (ҚР АІЖК-нің 95 бабы);

қорытынды жеткілікті түрде айқын немесе толық болмаса, бұрын зерттелген мән-жайларға қатысты жаңа мәселелер туындаса, **қосымша** сараптама тағайындалады (ҚР АІЖК-нің 98 бабы);

алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудырған немесе сараптама жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі бұзылған кезде **қайталама** сараптама тағайындалады (ҚР АІЖК-нің 98 бабы) .

**50-СҰРАҚ. САРАПШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ (ҚҰҚЫҚТАРЫНДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР),  
МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ**

**Сарапшының құқықтары (құқықтарындағы шектеулер), міндеттері және жауапкершіліктері**



Істің сараптама нысанасына қатысты материалдармен танысуға, қосымша материалдар беру туралы өтінім жасауға, сот отырысына қатысуға, сұрақтар қоюға, сот отырысының хаттамасының тиісті бөлігімен танысуға және ескерту жасауға. Іс үшін маңызы бар мән-жайларды соттың келісімімен қорытындыда көрсетуге, қорытындыны ана тілінде немесе өзі білетін тілде ұсынуға, аудармашының тегін көмегін пайдалануға, өз құқығына нұқсан келтіретін сот әрекетін шағым жасауға, қорытынды беруден бас тартуға, өтемақы және сыйақы алуға құқылы;


сараптама жүргізуге байланысты іске қатысушы тұлғалармен келіссөздер жүргізуге, өз бетінше материалдар жинауға, объектілерді толық немесе ішінара жоюға, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеп соғатын зерттеулер жүргізуге құқығы жоқ;

соттың шақыруы бойынша келуге, негізделген және объективті қорытынды беруге, қорытынды негізінде айғақ беруге міндетті;

көпе-көрінеу жалған қорытынды бергені үшін сарапшы қылмыстық жауаптылыққа тартылады (ҚР Қылмыстық Кодексінің 352 бабы).

## XII ТАҚЫРЫП. БҰЙРЫҚ АРҚЫЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ

### 51-СҰРАҚ. БҰЙРЫҚ АРҚЫЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ



## 52-СҰРАҚ. СОТ БҰЙРЫҒЫ ШЫҒАРЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Егер талап нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделсе;
егер талап жазбаша мәмілеге негізделсе және оны жауапкер таныса;
егер талап төленбеген вексельге, акцептің болмауына және нотариус жасаған акцептің күні белгіленбеуіне білдірілген наразылыққа негізделсе;
егер әкеліктің белгіленуіне немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне қатысы жоқ, кәмелетке толмаған балалар үшін алименттерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;
егер азаматтардан және заңды тұлғалардан салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;
егер қызметкерге аударылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;
егер жауапкерді немесе борышкерді іздестіру жөніндегі шығындарды өндіріп алу туралы талаптарды ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы мәлімдеген болса;
егер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лизинг нысанасын даусыз талап ету туралы талап мәлімделген болса;
егер кепіл беруші – борышкерге кепілге салынған затынан өндіріп алу туралы ломбардтың талабын мәлімдеген болса шығарылады.


### **XIII ТАҚЫРЫП. ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ**

#### **53-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ**

**Талап қою бойынша іс жүргізу** – талап қою арқылы қозғалатын, соттың бұзылған, сол сияқты дауланған құқық немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау бойынша қызметін реттейтін процессуалдық тәртіп (ҚР АІЖК-нің 150-бабы – 259-бап). Талап қою арқылы іс жүргізу сот ісін жүргізудің ең негізгі нысаны. Азаматтық істердің басым көпшілігі құқық туралы даудан туындайды, ал оларды сотта шешу тәртібі талап арызын беріп, талап қою бойынша іс жүргізуді қозғаудан басталады.




## 54-СҰРАҚ. ТАЛАПТЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ






## 55-СҰРАҚ. ТАЛАПТЫҢ ТҮРЛЕРІ



## 56-СҰРАҚ. ТАЛАПҚА ҚҰҚЫҚТЫЛЫҚ. ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ



**Талап қою құқығының алғышарттары – талап қоюшының талаппен сотқа жүгіне алу немесе алмауына мүмкіндік беретін шарттар**

**Жағымды –** егер заң іс жүргізушілік мәндегі талапқа құқықтылықтың пайда болуын оның бар екендігімен байланыстырып тұрса

**Жалпы -** талап қоюшы мен жауапкердің іс жүргізушілік құқықтық қабілеттілігі; мекемелер іске қатысушы тұлға болу үшін заңды тұлға мәртебесіне ие болуы керек; азаматтардың құқыққабілеттілігі туа пайда болады және әр уақытта бар;

даудың ҚР АІЖК-нің 24 бабымен белгіленген соттың ведомстволық бағыныстылығына жатуы.


**Арнайы -** бұл азаматтық істердің кей санаттары бойынша, дауды шешудің алдын ала сотқа дейін шешу тәртібін сақтау. Мысалы транспорт мекемелерімен пайда болған даулар бойынша сотқа жүгінгенге дейін претензиялық тәртіпті сақтау.

**Жағымсыз -** егер заң іс жүргізушілік мәндегі талапқа құқықтылықтың пайда болуын оның жоқ екендігімен байланыстырып тұрса

Сол тараптар, сол нысана, сол негіздемелер бойынша дауға байланысты заңды күшіне енген соттың немесе өз өкілеттігі шегінде қабылдаған басқа юрисдикциялық органның шешімінің болмауы және соттың өндірісінде сол тараптар арасында, сол нысана, сол негіздеме туралы істің болмауы;

тараптар арасында дауды аралық соттың қарауына беру туралы шарттың болмауы және соттың талап қоюшының ұқсас талаптан бас тартуын қабылдау немесе ұқсас талапты бітімгершілік келісіммен тоқтату туралы сот ұйғарымының болмауы (ҚР АІЖК-нің 153 бабы).

## 57-СҰРАҚ. ЖАУАПКЕРДІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ ТӘСІЛДЕРІ



## 58-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Талапты қамтамасыз ету** - егер талап қанағаттандырылса, оны орындатуды қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын, заңмен көзделген соттың қызметі. Талапты қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындатуды қиындатса немесе орындалуын мүмкін етпесе, істің барлық жағдайларында жол беріледі (ҚР АІЖК-нің 158-165 баптары).

### *Ерекшеліктері*

Аралық сотта немесе төрелікте іске қатысушы тұлғалардың арызы негізінде жүзеге асырылады (ҚР АІЖК-нің 158 бабы);

талапты қамтамасыз ету тек қозғалған істер бойынша орын алуы мүмкін;

талапты қамтамасыз ету туралы арызды сот жауапкерге және аралық немесе төрелік сотта басқа да тұлғаларға хабарламай арыз түскен күні шешіп, ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК-нің 160 бабы);

талапты қамтамасыз ету туралы ұйғарым шешімді дереу орындау тәртібімен дереу орындауға жатады (ҚР АІЖК-нің 161 бабы);

сот талап қоюды қамтамасыз етуге жол бере отырып, талап қоюшыдан жауапкерге келтірілуі мүмкін залалдарды қамтамасыз етуді талап етуі мүмкін. Талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін жауапкер талапты қамтамасыз ету нәтижесінде келтірілген залалдарды өндіру туралы талап қоюға құқықты (ҚР АІЖК-нің 165 бабы).

### *Ерекшеліктері*

Қажет болған жағдайда сот талап қоюды қамтамасыз етудің бірнеше шараларын қолдануы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 159 бабы);

аралық немесе төрелік сотта тараптардың арызы бойынша талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыруы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 162 бабы);


ақшалай соманы өндіріп алу туралы талап қоюды қамтамасыз еткен жағдайда жауапкер сот қабылдаған шараның орнына соттың депозиттік шотына талап қоюшы талап ететін соманы енгізуге құқылы (ҚР АІЖК-нің 162 бабы);

талап қоюды қамтамасыз етудің күшін сол тараптардың арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша сол сот жоюы мүмкін. Бұл мәселе іске қатысушы тұлғаларды сот отырысының уақыты мен орны хабарлана отырып, сот отырысында шешіледі. Олардың келмеуі мәселені қарауға кедергі келтірмейді (ҚР АІЖК-нің 163 бабы);

талапқа қарсылық білдірілген жағдайда талапты қамтамасыз ету шаралары шешім заңды күшіне енгенге дейін сақталады. Алайда, сот шешіммен бір мезгілде немесе өзінің қаулысынан кейін талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы ұйғарым шығаруы мүмкін. Талап қанағаттандырылған жағдайда оны қамтамасыз ету шаралары өз күшін сот шешімі орындалғанға дейін сақтайды (ҚР АІЖК-нің 163 бабы).


## 59-СҰРАҚ. ТАЛАПТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

<b>Талапты қамтамасыз ету шаралары. (ҚР АІЖК-нің 159 бабы)</b>
--




Жауапкерге тиісті және оның өзінде немесе басқа тұлғаларда тұрған мүлікке тыйым салу;
жауапкерге белгілі бір әрекеттерді атқаруға тыйым салу;
басқа тұлғалардың мүлікті жауапкерге беруіне немесе оған қатысты өзге де міндеттемелерді орындауына тыйым салу;
мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қойылған жағдайда мүлікті өткізуді тоқтата тұру;
мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды тұлғаның (ҚР Ұлттық Банкісінің немесе қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) одан айыру, қаржы ұйымдарын консервациялауды жүргізу жөніндегі актілерін, сондай-ақ (олардың жазбаша нұсқамаларын қоспағанда) дауланған актісінің қолданылуын тоқтату;
борышкер сотта даулаған атқарушылық құжат бойынша өндіріп алуды тоқтата тұру.

**60-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҰЙҒАРЫМҒА ЖЕКЕ ШАҒЫМ БЕРУ НЕМЕСЕ НАРАЗЫЛЫҚ КЕЛТІРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ**



**61-СҰРАҚ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАЙТЫН ТАЛАП ҚҰРАЛДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨКІМДІК ӘРЕКЕТТЕРІ**




## XIV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ

### 62-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ САТЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ




### 63-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮ ТӘРТІБІ ( ШАҒЫМ, АРЫЗ БЕРУ ТӘРТІБІ)







## 64-СҰРАҚ. ТАЛАП АРЫЗДЫҢ (АРЫЗ, ШАҒЫМНЫҢ) МАЗМҰНЫ



## 65-СҰРАҚ. ТАЛАП АРЫЗДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТУ



## 66-СҰРАҚ. ТАЛАП ҚОЮДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ



## XV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ

### 67-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ

Арызды қабылдап, азаматтық істі қозғағаннан кейін сот **уақтылы және дұрыс** шешуді қамтамасыз ету **мақсатында** істі сотта **қарауға әзірлейді** (ҚР АІЖК-нің 166 бабы)

#### Міндеттері

Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау;


тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;

іске қатысушы тұлғалардың құрамы мен процестің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;

әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау.

## 68-СҰРАҚ. СОТТЫҢ ІСТІ ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРАТЫН ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ӘРЕКЕТТЕРІ

Істің мән-жайларын ескере отырып, істі **сотта қарауға әзірлеу** мақсатында төмендегідей іс жүргізушілік әрекеттер атқарылады (ҚР АІЖК-нің 170 бабы)



Талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алады, жауапкер тарапынан мүмкін болатын қарсылықтарды анықтайды, қажет болған жағдайда қосымша дәлелдемелер беруді ұсынады, іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
жауапкерді шақырып, талап арызымен таныстырады, істің мән-жайлары бойынша жауап алады, мүмкін болатын қарсылықтары мен дәлелдемелерін анықтайды, аса күрделі істер бойынша жазбаша түсініктеме беруді ұсынады, іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
іске тең қатысушылардың, үшінші тұлғалардың қатысуы, тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы мәселелерді шешеді;
тараптарға олардың аралық сотқа жүгіну құқықтарын және бұл әрекеттің құқықтық салдарын түсіндіреді;
мүдделі тұлғаларға істі қарау уақыты мен орнын хабарлайды;
куәларды сот отырысына шақыру туралы мәселені шешеді;
тараптардың өтінімі немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындайды, іске маманды, аудармашыны қатыстыру туралы мәселені шешеді;
тараптардың өтінімі бойынша ұйымдардан немесе азаматтардан дәлелдемелер талап етеді;
кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды іске қатысушы тұлғаларды ескерте отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді тұрған жерінде қарау жүргізеді;
сот тапсырмаларын жібереді;
талапты қамтамасыз ету туралы мәселені шешеді;
талап қоюшының өтініші бойынша арызды қайтару туралы ұйғарым шығарады;
істі дайын болды деп тани отырып, оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және процестің басқа да қатысушыларына істі қараудың орны мен уақыты туралы хабарлайды.

## 69-СҰРАҚ. СОТҚА ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫН ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ



## 70-СҰРАҚ. ЖАУАПКЕРДІҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ БЕЛГІСІЗДІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Жауапкердің іс жүзінде тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайда, төмендегі органдардың шақыру қағазды немесе өзге де хабарлауды алғанын куәландыратын жазбасымен сот істі қарауға кіріседі (ҚР АІЖК-нің 135 бабы)

Тұғын үй пайдалану ұйымының;
жергілікті өзін-өзі басқару органының;
жауапкердің соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органының;
соңғы белгілі жұмыс орны бойынша әкімшіліктің.


## 71-СҰРАҚ. СОТТЫҢ ІЗДЕСТІРУ ЖАРИЯЛАУ МІНДЕТІ

Жауапкердің тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайда сот іздестіру жариялауға міндетті (ҚР АІЖК-нің 135 бабы)

Мемлекет мүддесіне сәйкес қойылған талаптар;	ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы арқылы.
алимент өндіру;	
асыраушысының жарақат алуына немесе денсаулықтың өзге де зақымдануына байланысты шығындарды өндіру;	
асыраушысының қайтыс болуына байланысты шығындарды өндіру.	


## XVI ТАҚЫРЫП. СОТТА ІС ҚАРАУ САТЫСЫ

### 72-СҰРАҚ. СОТТА ІС ҚАРАУ САТЫСЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ БӨЛІКТЕРІ






### 73-СҰРАҚ. СОТТА ІС ҚАРАУДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІГІНІҢ МАҚСАТЫ



## 74-СҰРАҚ. ІСТІ МӘНІСІ БОЙЫНША ҚАРАУ

**Істі мәнісі бойынша қараудың кезеңдері (ҚР АІЖК-нің193-195 баптары);**



**Істі мәні бойынша қарау** төрағалық етушінің талап қоюшыдан өз талаптарын қолдайтын-қолдамайтындығын, жауапкерден талапты мойындайтын-мойындамайтындығын, тараптардан бітімгершілік келісім бекіту, істі аралық соттың қарауына беру туралы мәселелерді шешуінен басталады (ҚР АІЖК-нің192 бабы);

**талаптан бас тарту, талапты тану, бітімгершілік келісім бекіту сот** хаттамасына енгізіліп тараптар қол қояды, төрағалық етуші аталған әрекеттердің құқықтық салдарын түсіндіреді, ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК-нің193 бабы);

төрағалық етуші талап қоюшы, жауапкер және олар тарапынан қатысушы үшінші тұлғалардың, басқа да іске қатысушылардың **түсініктемелерін** тыңдайды (ҚР АІЖК-нің194 бабы);

төрағалық етуші іске қатысушылардың түсініктемелерін тыңдап, олардың пікірлерін ескеріп, өзге де **дәлелдемелерді зерттеу тәртібін** белгілейді (ҚР АІЖК-нің195 бабы).

## 75-СҰРАҚ. КУӘДАН ЖАУАП АЛУ

Куәдан жауап алу (ҚР АІЖК-нің 197-200 баптары);

Әр куәдан жауап жеке алынады, әлі айғақ бермеген куәларға сот залында отыруға жол берілмейді. Төрағалық етуші рұқсат бермесе, жауап алынған куә сот отырысы залында қалдырылады. Бірінші кезекте сұрақты арызы бойынша куә шақырылған тұлға, кейіннен - іске қатысушы басқа тұлғалар мен сот өкілдері қоя алады. Төрағалық етуші іс жүргізудің кез келген уақытында сұрақ қоя алады, сондай-ақ куәлардың жауаптарындағы қайшылықтарды жою мақсатында беттестіру жүргізеді (ҚР АІЖК-нің 197 бабы);

куәдан жауап алғанға дейін төрағалық етуші оның жеке басын анықтайды, міндеттері мен құқықтарын түсіндіреді, жалған айғақтары үшін қылмыстық жауаптылығы ескертіледі және ол туралы қолхат алынып, сот хаттамасына тіркеледі. Он алты жасқа толмаған куәға іс бойынша шынайы жауап беру ұсынылып, қылмыстық жауапкершілік жөнінде ескертілмейді (ҚР АІЖК-нің 196 бабы);

куәдан жауап алуды төрағалық етуші куәнің іске қатысушы тұлғаларға қатысын анықтаудан бастайды және іс бойынша өзіне белгілі мәліметтерді баяндауды ұсынады (ҚР АІЖК-нің 197 бабы);


егер сот отырысына тараптар қатысып отырса, істі қарау кейінге қалдырылған жағдайда төрағалық етуші келген куәлардан жауап алуға құқылы. Бұл куәларды жаңа сот отырысына екінші рет шақыруға қажет болған жағдайларда жол беріледі (ҚР АІЖК-нің 190 бабы);

он төрт жасқа толмаған куәдан жауап алу, ал соттың қалауы бойынша он төрт жас пен он алты жас аралығындағы куәдан жауап алу да сотқа шақырылған педагогтың қатысуымен жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайларда кәмелетке толмаған куәнің заңды өкілдері шақырылады. Педагог пен заңды өкілдері төрағалық етушінің рұқсатымен куәға сұрақ қоя алады, сондай-ақ куәнің жеке басына, берген айғақтарына қатысты өз пікірлерін айта алады. Ерекше жағдайларда, кәмелетке толмаған куәдан жауап алу үшін сот ұйғарымының негізінде іске қатысушы тұлғалардың бірі сот отырысы залынан шығарылуы мүмкін. Бұл тұлға сот отырысы залына қайта жіберілгенде куәнің айғақтарының мазмұнымен таныстырылып, сұрақ қою мүмкіндігі беріледі. Он алты жасқа толмаған куә жауап алынып біткеннен кейін, егер төрағалық етуші оның сот отырысы залында болуы қажет деп таппаса, залдан шығарылады (ҚР АІЖК-нің 199 бабы);

дәлелдемені қамтамасыз ету, сот тапсырмасын беру немесе істі қарауды кейінге қалдыру тәртібімен алынып, сот хаттамасына тіркелген куәлардың жауаптарын төрағалық етуші сот отырысы залында жариялайды (ҚР АІЖК-нің 194, 200 баптары).

## 76-СҰРАҚ. ЖАЗБАША ЖӘНЕ ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ

Жазбаша және заттай дәлелдемелерді зерттеу (ҚР АІЖК-нің 201-209 баптары);



Сот тапсырмасын беру, дәлелдемені қамтамасыз ету, істі қарауды кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда іске қатысушы тұлғаларды хабарландыра отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді орналасқан жерінде қарау тәртібімен алынған құжаттар мен оларды қарау хаттамаларын төрағалық етуші сот отырысы залында жария етеді (ҚР АІЖК-нің 201 бабы);

азаматтардың жеке хат алысу және жеке телеграфтық хабар беру құпиясын қорғау мақсатында бұл мәліметтер оған қатысты тұлғалардың келісімімен жарияланып зерттеледі. Келісім берілмеген жағдайда, бұл мәліметтер жабық сот отырысында жарияланып зерттеледі. Осыдан кейін іске қатысушы тұлғалар түсініктеме бере алады (ҚР АІЖК-нің 202 бабы);

заттай дәлелдемелерді бірінші кезекте төрағалық етуші қарайды, сонан соң іске қатысушы тұлғаларға, сот өкілдеріне, қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі. Заттай дәлелдемелерді қарап шыққан тұлғалар қандай да бір мән-жайларға төрағалық етушінің назарын аудара алады және бұл мәліметтер сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Сот тапсырмасын беру, дәлелдемені қамтамасыз ету, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда іске қатысушы тұлғаларды хабарландыра отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді орналасқан жерінде қарау, тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді қарау, заттай дәлелдемелерге билік ету тәртібімен алынған заттай дәлелдемелерді қарау хаттамалары сот отырысы залында жарияланады. Осыдан кейін іске қатысушы тұлғалар түсініктеме бере алады (ҚР АІЖК-нің 203 бабы);


сот отырысы залына жеткізуге қиын немесе жеткізуге болмайтын құжаттар мен заттай дәлелдемелер орналасқан жерінде қаралып, зерттеледі. Ол туралы сот ұйғарым шығарады, қарау орны мен уақыты іске қатысушы тұлғаларға, олардың сот өкілдеріне хабарланады, олардың келмеуі қарау жүргізуге кедергі келтірмейді. Қажет болған жағдайларда сарапшылар, мамандар және куәлар шақырылады. Қарау нәтижелері, жоспарлар, сызбалар, есептеулер, құжаттардың көшірмелері, фотосуреттер, бейнежазбалар және киноматериалдар сот хаттамасына енгізіліп қоса тіркеледі (ҚР АІЖК-нің 204 бабы);

жеке сипаттағы дыбыс жазбаларын жария ету, бейнежазбаларды, киноматериалдарды көрсету және зерттеу - құпияны қорғау ережесін сақтау арқылы жүргізіледі. Бұл дәлелдемелерді көрсету сот отырысы залында немесе арнайы жабдықталған орында жүргізіледі, сот отырысының хаттамасында дәлелдемелердің ерекше белгілері және жария ету уақыты көрсетіледі. Қажет болған жағдайда бұл дәлелдемелерді көрсету толығымен немесе кей бөліктерінде қайталануы мүмкін. Бұл дәлелдемелерде аталған мәліметтерді анықтау мақсатында төрағалық етуші маманды іске тартуы, сараптама тағайындауы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 205 бабы);

мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Төрағалық етуші, іске қатысушы тұлғалар мен олардың сот өкілдері қорытындыларды түсіндіру және толықтыру мақсатында аталған органдардың уәкілетті өкілдеріне сұрақ қоя алады (ҚР АІЖК-нің 209 бабы).

**77-СҰРАҚ. САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЗЕРТТЕУ.  
МАМАННЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ**

**Сарапшының қорытындысын зерттеу. Маманның түсіндірмесі**  
(ҚР АІЖК-нің 206, 207 баптары);




Сарапшының қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Қорытындыны түсіндіру және толықтыру мақсатында сарапшыға сұрақтар қойылуы мүмкін. Бірінші сұрақ қою кезегі - өтінімі бойынша сараптама тағайындалған тұлға мен оның сот өкіліне беріледі. Сонан соң іске қатысушылар мен олардың сот өкілдері сұрақ қоя алады. Егер сараптама сот бастамасымен тағайындалса, бірінші сұрақ қою кезегі талап қоюшыға және оның сот өкіліне беріледі. Төрағалық етуші сарапшыға одан жауап алудың кез келген уақытында сұрақ қоя алады. Төрағалық етуші заңда көзделген реттерде қосымша, қайталама сараптамалар тағайындауы мүмкін (ҚР АІЖК-нің 206 бабы);

арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу қажет етілмейтін жағдайларда маман ауызша немесе жазбаша түсіндірме береді және бұл әрекет сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Маманға бірінші сұрақ қою кезегі - өтінімі бойынша маман шақырылған тұлға мен оның сот өкіліне беріледі. Сонан соң іске қатысушылар мен олардың сот өкілдері сұрақ қоя алады. Егер маман сот бастамасымен шақырылса, бірінші сұрақ қою кезегі талап қоюшыға және оның сот өкіліне беріледі. Төрағалық етуші маманға одан жауап алудың кез келген уақытында сұрақ қоя алады (ҚР АІЖК-нің 207 бабы).

## 78-СҰРАҚ. ІСТІ МӘНІ БОЙЫНША ҚАРАУДЫ АЯҚТАУ. СОТТАҒЫ ЖАРЫССӨЗ ЖӘНЕ ПРОКУРОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### Істі мәні бойынша қарауды аяқтау. Соттағы жарыссөз және прокурордың қорытындысы (ҚР АІЖК-нің 210-213 баптары)



Барлық дәлелдемелер қаралып, зерттеліп болғаннан кейін төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалар мен олардың сот өкілдеріне іс материалдарын толықтыру мүмкіндіктері туралы түсіндіреді. Ондай мәлімдеулер жарияланбаған жағдайда төрағалық етуші істі зерттеу аяқталғанын, соттағы жарыссөзге көшетінін жариялайды (ҚР АІЖК-нің 210 бабы);

соттағы жарыссөз іске қатысушы тұлғалар мен олардың сот өкілдерінің сөздерінен тұрады. Бірінші жарыссөз кезегі талап қоюшы және оның сот өкіліне, содан соң жауапкер және оның сот өкілі, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлға және оның сот өкілі тараптар мен сот өкілдерінен кейін жарыссөз кезегін алады. Даудың нысанасына дербес талабын мәлімдемейтін үшінші тұлға және оның сот өкілі – қай тарап жағынан қатысса, содан кейін жарыссөз кезегін алады. Басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуші прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, жекелеген азаматтар жарыссөз кезегіне ең соңында ие болады (ҚР АІЖК-нің 211 бабы);


жарыссөзге қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болғаннан соң тараптар мен сот өкілдері реплика деп аталатын, өз жарыссөздеріне байланысты екінші рет сөз сөйлеу мүмкіндігін алады. Соңғы реплика кезегі үнемі жауапкер мен оның сот өкілінде (ҚР АІЖК-нің 212 бабы);

соттағы жарыссөзде істі мәні бойынша қарау аяқталғанға дейін мәлімделмеген және сот отырысында зерттеліп, анықталмаған дәлелдемелерге сілтеме жасауға болмайды. Егер төрағалық етуші соттағы жарыссөз кезінде немесе одан кейін іс үшін маңызы бар жаңа мән-жайларды анықтау немесе жаңа дәлелдемелерді зерттеу қажет деп тапса, ол істі мәні бойынша қарауды қайта жалғастыру туралы ұйғарым шығарады. Істі мәні бойынша қарау аяқталғаннан кейін соттағы жарыссөз жалпы тәртіппен жүргізіледі (ҚР АІЖК-нің 212 бабы);

соттағы жарыссөз аяқталғаннан кейін прокурор жалпы іс бойынша құқықтық қорытынды береді (ҚР АІЖК-нің 213 бабы).

## 79-СҰРАҚ. ШЕШІМ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

**Шешім шығару және жариялау (ҚР АІЖК-нің 215, 216 баптары);**



Соттағы жарыссөзден, ал егер істі қарауға прокурор қатысса, ол іс бойынша қорытынды бергеннен кейін төрағалық етуші шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кететінін жариялайды (ҚР АІЖК-нің 215 бабы);


шешімге қол қойылғаннан кейін төрағалық етуші сот отырысы залына қайтып келіп, шешімді жариялайды (ҚР АІЖК-нің 216 бабы);

төрағалық етуші сот шешіміне шағымдану тәртібі мен мерзімдерін түсіндіреді (ҚР АІЖК-нің 216 бабы);

төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалар мен сот өкілдеріне шешіммен танысу және көшірмесін алу мерзімін жариялауға міндетті (ҚР АІЖК-нің 216 бабы);


төрағалық етуші шешімге шағымдану тәртібі мен мерзімін түсіндіріп, шешіммен танысу және көшірмесін алу мерзімін жариялап болғаннан соң, сот отырысын жабық деп жариялайды (ҚР АІЖК-нің 216 бабы).

## 80-СҰРАҚ. СОТ ХАТТАМАСЫ







## 81-СҰРАҚ. СОТТА ІС ҚАРАУДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ



Б)



**Іс жүргізуді тоқтата тұру** - барлық із жүргізу әрекеттерін заңда көрсетілген іс жүргізуді жалғастыруға кедергі ететін негіздер бойынша уақытша тоқтата тұру (ҚР АІЖК-нің 242-243 баптары).



***Тоқтата тұру міндеті***

Құқық мирасқорының іске кіруіне байланысты;

тарап әрекет қабілеттілігінен айырылғанда;

жауапкер ҚР Қарулы Күштері қатарында болғанда немесе талап қоюшының осындай негіздегі өтініміне байланысты;

бұл істі қарау басқа қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істі шешкенге дейін мүмкін болмаса;

осы іс бойынша қолданылатын нормативті-құқықтық актінің ҚР Конституциясына сәйкестігі тексеріліп жатса;

құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырмамен шет мемлекеттің сотына өтініш жасаса.

***Тоқтата тұру құқығы***

Тарап әскери қызметте немесе басқа мемлекеттік міндетті орындап жүрсе;

тарап ұзақ уақыт іссапарда болса;

жауапкерге іздеу салынса;


тарап емдеу мекемесінде болса;

құқықтық көмек көрсету туралы өтінім берілсе;

сот сараптама тағайындаса;


қорғаншы және қамқоршы органы бала асырап алу ісі бойынша бала асырап алушының тұрмыстық жағдайын зерттеуді тағайындағанда іске қатысушының өтініші бойынша.

## 82-СҰРАҚ. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ШЕШІМ ШЫҒАРМАЙ АЯҚТАУ




# XVII ТАҚЫРЫП. СОТ ҚАУЛЫЛАРЫ

## 83-СҰРАҚ. СОТ ҚАУЛЫЛАРЫ




## 84-СҰРАҚ. СОТ ШЕШІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



## 85-СҰРАҚ. ШЕШІМНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІН ШЕШІМДІ ШЫҒАРҒАН СОТТЫҢ ЖОЮЫ

Шешім жарияланғаннан кейін оны шығарған сот жоюға немесе өзгертуге құқығы жоқ.  
Дегенмен, шешімде жіберілген кей кемшіліктерді жоюға жол берілген (ҚР АІЖК-нің 230, 231,  
232 баптары)



## 86-СҰРАҚ. ШЕШІМНІҢ МАЗМҰНЫ (ҚҰРЫЛЫМЫ)

**Шешім іс қаралғаннан кейін дереу шығарылады. Айрықша күрделі істер бойынша дәлелді шешім шығару бес күннен аспайтын мерзімге қалдырылуы мүмкін. Бірақ, қысқаша шешімді төрелік етуші істі қарау аяқтаған сот отырысында жариялауы тиіс. Қысқаша шешімге төрелік етуші қол қойып, ол істің материалдарына тіркеледі (ҚР АІЖК-нің 229 бабы).**

### Сот шешімінің құрылымы (ҚР АІЖК-нің 220 бабы)


**Шешімнің кіріспе бөлігінде** - шешім шығарылған уақыт пен орын, шешім шығарған соттың атауы, соттың құрамы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, тараптар, іске қатысушы басқа да тұлғалар және сот өкілдері, дау нысанасы немесе мәлімделінген талап көрсетіледі.

**Шешімнің сипаттау бөлігінде** талап қоюшының талаптары, жауапкердің қарсылықтары және іске қатысушы басқа да тұлғалардың түсініктемелері көрсетіледі.

**Шешімнің дәлелдеу бөлігінде** істің сот анықтаған мән-жайлары, құқықтар мен міндеттер туралы соттың қорытындылары негізделген дәлелдемелері, сот қабылдамаған дәлелдемелердің негіздемелері, сот басшылыққа алған заңдар, жауапкердің талапты танығаны және оны соттың қабылдағаны туралы көрсетіледі.


**Шешімнің қарар бөлігінде** талапты қанағаттандыру, талаптан бас тартылғандығы туралы сот қорытындысы, сот шығындарын бөлу, шешімді шағымдау тәртібі мен мерзімі, тағы басқа да қорытындылары, шешімді орындаудың белгілі бір мерзімі мен тәртібі белгіленгендігі немесе дереу орындауға жіберілгендігі, шешімнің орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қолданғандығы туралы көрсетілуі тиіс.

## 87-СҰРАҚ. ШЕШІМДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ







**88-СҰРАҚ. СОТ ШЕШІМІНІҢ ЗАҢДЫ КҮШІ**



## 89-СҰРАҚ. СОТТЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯСЫНЫҢ ҰЙҒАРЫМДАРЫ



## 90-СҰРАҚ. СОТ ҰЙҒАРЫМДАРЫН ЖІКТЕУ




## XVIII ТАҚЫРЫП. СЫРТТАЙ ІС ЖҮРГІЗУ

### 91-СҰРАҚ. СЫРТТАЙ ІС ЖҮРГІЗУ



**92-СҰРАҚ. СЫРТТАЙ ШЕШІМДІ ШАҒЫМДАУ ТӘРТІБІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮШІН ЖОЮ НЕГІЗДЕРІ**



## XIX ТАҚЫРЫП. ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮМЕН ІС ЖҮРГІЗУ

### 93-СҰРАҚ. ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮМЕН ІС ЖҮРГІЗУ

**Ерекше талап қоюмен іс жүргізу** – мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің қызметін соттың қадағалау нысаны. Азаматтардың шағымы бойынша іс қозғаған сот мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің әрекеттерінің заңдылығын тексереді (ҚР АІЖК-нің 272-288 баптары)

#### *Ерекшеліктері*

Талап қою бойынша іс жүргізуге қарағанда ерекше талап қоюмен іс жүргізуде **бітімгершілік келісім бекіту, істі қарауды аралық сотқа беру, қарсы талап қою, тиісті емес жауапкерді ауыстыру** орын алмайды;

ерекше талап қоюмен іс жүргізуде **заңды өкілдер** қатыспайды, өйткені мемлекеттік органдар мен оның лауазым иелері тек **әрекетқабілетті** тұлғалар;

іс қозғау мақсатында сотқа жүгінуші тұлға **арыз беруші**, қарсы тарап **мүдделі тұлға** деп аталады;

кей жағдайларда азаматтарға сотқа немесе әкімшілік бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған органға жүгінуді **таңдауға** мүмкіндік беріледі. Аталған органдардың **біріне жүгіну екіншісіне жүгіну мүмкіндігінен айырмайды.**

## **XX ТАҚЫРЫП. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ**

### **94-СҰРАҚ. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ**

**Ерекше іс жүргізу** – құқық туралы даумен байланысты емес заңи деректерді сотта анықтау және нотариат пен АХАЖ органдарының әрекеттерінің заңдылығын қадағалау (ҚР АІЖК-нің 289 – 331-2 баптары).

#### ***Ерекшеліктері***

Негізгі ерекшелігі **құқық туралы дау болмайды**. Сондықтан ерекше сот ісін жүргізуде: қарсы талап қою, тиісті емес жауапкерді ауыстыру, бітімгершілік келісім бекіту, істі аралық соттың қарауына беру сияқты институттар орын алмайды. Ерекше іс жүргізуде құқық туралы дау болмағандықтан мүдделі қарама-қайшы тараптар да болмайды. Бірақ, сотқа мүдделері өзара байланысты **бірнеше тұлға жүгінуі** мүмкін (тең талап қоюшылар);


ерекше іс жүргізу тәртібімен **іс қозғаушы тұлға арыз беруші** деп аталады;

ерекше іс жүргізу ҚР АІЖК-нің 30-39-1 тарауларындағы ережелер бойынша жүргізіледі;

ерекше іс жүргізу барысында құқық туралы дау пайда болса, сот **істі талап қою бойынша іс жүргізу** тәртібімен қарау туралы ұйғарым шығарады. Іс талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен **оның қозғалу орны** бойынша қаралады.

# XXI ТАҚЫРЫП. СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ

## 95-СҰРАҚ. СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ





**96-СҰРАҚ. БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТТЫҢ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМДЫ, НАРАЗЫЛЫҚТЫ АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ӘРЕКЕТТЕРІ. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘРТІПБЕН ІС ҚАРАУ ШЕКТЕРІ ЖӘНЕ НЫСАНАСЫ. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ ЖӘНЕ ІС ҚАРАУ МЕРЗІМІ**

<p><b>Апелляциялық сотта іс қарауға әзірлеу және іс қарау мерзімдері (ҚР АІЖК-нің 338, 349 баптары)</b></p>	<p><b>Апелляциялық тәртіппен қарау шектері және нысанасы (ҚР АІЖК-нің 345, 347 баптары)</b></p>	<p><b>Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі және іс қарау мерзімі (ҚР АІЖК-нің 358, 349 баптары)</b></p>
<p>Шағымның, наразылықтың және қоса тіркелген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін <b>алған күннің келесі</b> күнінен кешіктірмей іске қатысушы тұлғаларға жібереді;</p>	<p>Бірінші сатыдағы сот шығарған шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді;</p>	<p>Шешімді өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырмауға;</p>
<p>шағымдануға, <b>наразылық келтіруге белгіленген мерзім өткеннен кейін</b> істі апелляциялық сатыға жібереді;</p>	<p>қойылған талап шегінде жаңа деректерді анықтап, тарап дәлелді себептер бойынша бірінші сатыдағы сотқа беруге мүмкіндігі болмаған жаңа дәлелдемелерді зерттейді;</p>	<p>бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге;</p>
<p>іске қатысушы тұлғаларға істі апелляциялық тәртіппен қарау орны мен уақытын, олар апелляциялық сатыдағы сот отырысына қатысу құқығын пайдаланудың нақты мүмкіндігіне ие болатындай есеппен хабарлайды;</p>	<p><b>нысанасы:</b> істе бар және қосымша тапсырылған материалдар бойынша істің нақты мән-жайы анықталуының, материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын, азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының сақталуын тексереді.</p>	<p>бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға;</p>
<p><b>апелляциялық шағымдануға, наразылық келтіруге белгіленген мерзім өткенге дейін</b> істі бірінші сатыдағы соттан ешкім талап ете алмайды;</p>		<p>материалдық немесе іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы анықталғанда шешімнің күшін жойып, істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберуге;</p>
<p>іске қатысушы тұлғалар бірінші сатыдағы сотта іс материалдарымен, келіп түскен шағымдармен, оларға білдірілген қарсылықтармен танысуға құқылы.</p>		<p>іс жүргізуді қысқарту, арызды қараусыз қалдыру негіздері бойынша шешімнің толық немесе бөлігіндегі күшін жоюға, іс жүргізуді қысқартуға, арызды қарамай тастауға өкілетті;</p>
		<p><b>мерзімі:</b> іс апелляциялық сатыда бірінші сатыдағы соттан келіп түскен күннен бастап <b>бір ай</b> мерзімінен кешіктірілмей қаралуы тиіс.</p>

**97-СҰРАҚ. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘРТІПШЕН СОТ ШЕШІМІНІҢ КҮШІН  
ЖОЮ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗДЕРІ**




**98-СҰРАҚ. ҚАДАҒАЛАУ ТӘРТІБІМЕН ІС ЖҮРГІЗУ**



**99-СҰРАҚ. ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН СОТ АКТІЛЕРІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ,  
НАРАЗЫЛЫҚ КЕЛТІРУ МЕРЗІМДЕРІ**

**Заңды күшіне енген сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру мерзімдері (ҚР АІЖК-нің 388 бабы)**




Соттың шешімі, ұйғарымы, қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде (*бұл мерзім адам мен азаматтың ҚР Конституциясында көрсетілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе, ҚР Конституциялық Кеңесі шешімдерді, ұйғарымдарды, қаулыларды шығаруда негізге алынған нормативті акт конституциялық емес деп таныған жағдайда қолданылмайды*);

егер қадағалау наразылығын келтіру туралы өтінім прокурорға белгіленген мерзім **шегінде берілсе**, бірақ ол бойынша **шешім қабылданбаса**, сот наразылық келтіру **мерзімін ұзартады**.  
Наразылықта бұл туралы көрсетілуі тиіс.

**100-СҰРАҚ. ҚАДАҒАЛАУ ШАҒЫМЫН АЛДЫН АЛА ҚАРАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ҚАРАУ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНАТЫН ШЕШІМДЕР**

**Қадағалау шағымын алдын ала қарау (ҚР АІЖК-нің 393 бабы)**




Сот актісін сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы қадағалау шағымы **облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының тапсырмасы** бойынша тиісті қадағалау алқасының **үш судьясынан** құралған сотта зерделенеді және қаралады. Қадағалау шағымы келіп түскен күннен бастап **бір айдың** ішінде қаралады;

қажет болған жағдайда азаматтық **іс сұратылуы** мүмкін. Бұл жағдайда іс **келіп түскен күннен бастап бір айдың** ішінде қаралады;

қадағалау шағымы алдын ала қаралатын күн туралы прокурорға, шағым берген тұлғаға хабарланады, олардың келмеуі сот қадағалауы тәртібімен іс жүргізуді қозғауға негіз бар, я жоқ екені туралы мәселені шешуге кедергі болмайды.

**Қадағалау шағымын алдын ала қарау бойынша қабылданатын шешімдер (ҚР АІЖК-нің 394 бабы)**




Шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау және қадағалау шағымын азаматтық істі сұрата отырып қарау туралы;

шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

қадағалау шағымын қайтару туралы қаулы шығарады.

**101-СҰРАҚ. ҚАДАҒАЛАУ САТЫСЫНДА ІС ҚАРАУ ШЕКТЕРІ. ІСТІ ҚАДАҒАЛАУ ТӘРТІБІМЕН ҚАРАЙТЫН СОТ НҰСҚАУЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТІЛІГІ**

**Қадағалау сатысында іс қарау шектері (ҚР АІЖК-нің 397 бабы)**




Істі қадағалау тәртібімен қараған сот істе бар материалдар бойынша шағым, наразылық дәлелдері шегінде **бірінші, апелляциялық** сатыдағы соттар шығарған сот қаулыларының **зандылығы мен негізділігін** тексереді;

**зандылық мүддесін** көздеп, қадағалау шағымы немесе наразылық **шегінен шығуға** және шағым жасалған, наразылық келтірілген шешімнің **зандылығын толық көлемінде тексеруге** құқылы;

**ерекше талап қою** тәртібі бойынша **бірінші, апелляциялық** сатыдағы соттар шығарған қаулылардың **зандылығы мен негізділігін толық көлемінде** тексереді;

істі қадағалау тәртібімен қарайтын соттың қаулыда **анықталмаған не ол жоққа шығарған мән-жайларды анықтауға** немесе дәлелденген деп есептеуге, **белгілі бір дәлелдеменің дұрыстығы немесе дұрыс еместігі, бір дәлелдемелердің басқа дәлелдемелерден артықшылығы туралы, материалдық құқықтың қандай нормасы қолданылуы тиіс және істі жаңадан қарау кезінде қандай қаулы қабылдануы тиіс екендігі** туралы мәселелерді алдын ала шешуге **құқығы жоқ.**


**Істі қадағалау тәртібімен қарайтын сот нұсқауларының міндеттілігі (ҚР АІЖК-нің 401 бабы)**



Істі қадағалау тәртібімен қараған соттың **шешімнің, қаулының күшін жою** туралы, оның ішінде **занды түсіндіру туралы** қаулыда баяндалған нұсқаулары сол істі **қайта қарайтын сот үшін міндетті** болып табылады.


**102-СҰРАҚ. ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРДІ, ҰЙҒАРЫМДАР  
МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЖАҢАДАН АНЫҚТАЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША  
ҚАЙТА ҚАРАУ**

**Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау негіздері мен арыз беруге арналған мерзімдердің есептелуі (ҚР АІЖК-нің 404, 407 баптары).**



**103-СҰРАҚ. ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРДІ, ҰЙҒАРЫМДАР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЖАҢАДАН АНЫҚТАЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ҚАЙТА ҚАРАЙТЫН СОТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ**

**Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттар және олардың өкілеттігі (ҚР АІЖК-нің 405, 409 баптары).**



Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін **жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот** қарайды;

бірінші сатыдағы соттың шешімін **өзгерткен** немесе **жаңа шешім шығарған** апелляциялық немесе қадағалау сатыларындағы шешімдерді, ұйғарымдарды, қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды **шешімді өзгерткен** немесе **жаңа шешім шығарған сот** жүргізеді;

*заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттардың өкілеттігі;*

сот жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды, қаулыны қайта қарау туралы арызды қарай келіп, не **арызды қанағаттандырып**, шешімнің, ұйғарымның, қаулының **күшін жояды** немесе **қайта қараудан бас тартады**.



## МАЗМҰНЫ

<b>I ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ САТЫЛАРЫ</b>	
1-Сұрақ. Азаматтық сот ісін жүргізу түрлері.....	3
2-Сұрақ. Азаматтық сот ісін жүргізу сатылары.....	4
<b>II ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ</b>	
3-Сұрақ. Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері.....	5
4-Сұрақ. Жалпы құқықтық заңдылық принципінің азаматтық іс жүргізуде жүзеге асырылуы.....	7
<b>III ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚАТЫНАСТАР</b>	
5-Сұрақ. Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастар.....	8
6-Сұрақ. Азаматтық сот ісін жүргізушілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері.....	9
7-Сұрақ. Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастарының пайда болу алғышарттары.....	10
8-Сұрақ. Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастарының субъектілері.....	11
<b>IV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТАРАПТАРЫ</b>	
9-Сұрақ. Азаматтық іс жүргізудің тараптары.....	12
10-Сұрақ. Тараптардың іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттері.....	13
11-Сұрақ. Іс жүргізуге тең қатысу.....	14
12-Сұрақ. Азаматтық сот ісін жүргізуде тиісті емес жауапкерді ауыстыру.....	15
13-Сұрақ. Іс жүргізушілік құқықтық мирасқорлық.....	15
14-Сұрақ. Азаматтық сот ісін жүргізудегі үшінші тұлғалар.....	16
<b>V ТАҚЫРЫП. ПРОКУРОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ</b>	
15-Сұрақ. Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы.....	17
<b>VI ТАҚЫРЫП. СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ</b>	
16-Сұрақ. Сотта өкілдік ету.....	18
17-Сұрақ. Соттағы өкілдіктің түрлері және субъектілері.....	19
18-Сұрақ. Сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар.....	20
19-Сұрақ. Өкілдің өкілеттіктерінің көлемі.....	21
20-Сұрақ. Өкілдің өкілеттігін рәсімдеу.....	22
<b>VII ТАҚЫРЫП. ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ</b>	
21-Сұрақ. Іс жүргізу мерзімдері.....	23
22-Сұрақ. Іс жүргізу әрекеттеріне тағайындалатын мерзімдер (сот үшін).....	24
23-Сұрақ. Іс жүргізу әрекеттеріне тағайындалатын мерзімдер (іске қатысушы тұлғалар үшін).....	25
24-Сұрақ. Іс жүргізу мерзімдерін есептеу және оның аяқталуы.....	26
<b>VIII ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ</b>	
25-Сұрақ. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы.....	27
26-Сұрақ. Істердің ведомстволық бағыныстылығын айыру өлшемдері.....	28
<b>IX ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ</b>	
27-Сұрақ. Азаматтық істердің соттылығы.....	29
<b>X ТАҚЫРЫП. СОТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	
28-Сұрақ. Сот шығындарының түсінігі және құрылымы.....	30
29-Сұрақ. Талап қою бағасын анықтау.....	31
30-Сұрақ. Мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері.....	32
<b>XI ТАҚЫРЫП. СОТТА ДӘЛЕЛДЕУ МЕН ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР</b>	
31-Сұрақ. Дәлелдеу нысанасы.....	34
32-Сұрақ. Дәлелдеуден босатылған мән-жайлар.....	35
33-Сұрақ. Преюдициалдылықтың түсінігі және оның шектелуі.....	36
34-Сұрақ. Дәлелдеме ретінде жол беруге болмайтын нақты деректер.....	37
35-Сұрақ. Сот дәлелдемелері.....	38
36-Сұрақ. Сот дәлелдемелерін жіктеу.....	39
37-Сұрақ. Сотта дәлелдеу және оның субъектілері.....	40
38-Сұрақ. Дәлелдеудің жалпы ережелері.....	41
39-Сұрақ. Дәлелдеу кезеңдері.....	42
40-Сұрақ. Дәлелдемелерді зерттеу.....	43
41-Сұрақ. Дәлелдемелерді бағалау.....	44
42-Сұрақ. Дәлелдеу құралдарының түрлері.....	44
43-Сұрақ. Тараптардың және үшінші тұлғалардаң түсініктемелері.....	45
44-Сұрақ. Куәнің айғақтары.....	46
45-Сұрақ. Куәнің міндеттері, құқықтары және жауапкершіліктері.....	47
46-Сұрақ. Жазбаша дәлелдемелер.....	48
47-Сұрақ. Жазбаша дәлелдемелерді жинау, ұсыну және зерттеу ерекшеліктері.....	49
48-Сұрақ. Заттай дәлелдемелер.....	50
49-Сұрақ. Сараптама тағайындау.....	51
50-Сұрақ. Сарапшының құқықтары (құқықтарындағы шектеулер), міндеттері және жауапкершіліктері.....	52
<b>XII ТАҚЫРЫП. БҰЙРЫҚ АРҚЫЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
51-Сұрақ. Бұйрық арқылы іс жүргізу.....	53
52-Сұрақ. Сот бұйрығы шығарылатын талаптар.....	54
<b>XIII ТАҚЫРЫП. ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
53-Сұрақ. Талап қою бойынша іс жүргізу.....	55
54-Сұрақ. Талаптың элементтері.....	56
55-Сұрақ. Талаптың түрлері.....	57

56-Сұрақ. Талапқа құқықтылық.Талап қою құқығы.....	58
57-Сұрақ. Жауапкердің мүддесін қорғау тәілдері.....	59
58-Сұрақ. Талап қоюды қамтамасыз ету.....	60
59-Сұрақ. Талапты қамтамасыз ету шаралары.....	61
60-Сұрақ. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымға жеке шағым беру немесе наразылық келтірудің құқықтық салдары.....	62
61-Сұрақ .Тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын талап құралдарына байланысты өкімдік әрекеттері.....	62
<b>XIV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ</b>	
62-Сұрақ. Азаматтық істі қозғау сатысының міндеттері.....	63
63-Сұрақ. Талап қою тәртібі (шағым, арыз беру тәртібі).....	64
64-Сұрақ. Талап арыздың (арыз, шағымның) мазмұны.....	65
65-Сұрақ. Талап арызды қабылдау және қабылдаудан бас тарту.....	66
66-Сұрақ. Талап қоюдың құқықтық салдары.....	67
<b>XV ТАҚЫРЫП. АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ</b>	
67-Сұрақ. Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу.....	68
68-Сұрақ. Соттың істі қарауға әзірлеу мақсатында атқаратын іс жүргізушілік әрекеттері.....	69
69-Сұрақ. Сотқа шақыру қағазын тапсыру тәртібі.....	70
70-Сұрақ. Жауапкердің тұрғылықты жерінің белгісіздігінің құқықтық салдары.....	71
71-Сұрақ. Соттың іздестіру жариялау міндеті.....	71
<b>XVI ТАҚЫРЫП. СОТТА ІС ҚАРАУ САТЫСЫ</b>	
72-Сұрақ. Сотта іс қарау сатысының мәні және бөліктері.....	72
73-Сұрақ. Сотта іс қараудың дайындық бөлігінің мақсаты.....	73
74-Сұрақ. Істі мәнісі бойынша қарау.....	74
75-Сұрақ. Куәдан жауап алу.....	75
76-Сұрақ. Жазбаша және заттай дәлелдемелерді зерттеу.....	76
77-Сұрақ. Сарапшының қортындысын зерттеу. Маманның түсіндірмесі.....	77
78-Сұрақ. Істі мәнісі бойынша қарауды аяқтау. Соттағы жарыссөз және прокурордың қортындысы.....	78
79-Сұрақ. Шешім шығару және жариялау.....	79
80-Сұрақ. Сот хаттамасы.....	80
81-Сұрақ. Сотта іс қарауды уақытша тоқтату.....	81
82-Сұрақ. Азаматтық істі шешім шығармай аяқтау.....	83
<b>XVII ТАҚЫРЫП. СОТ ҚАУЛЫЛАРЫ</b>	
83-Сұрақ. Сот қаулылары.....	84
84-Сұрақ. Сот шешіміне қойылатын талаптар.....	85
85-Сұрақ. Шешімнің кемшіліктерін шығарған соттың жоюы.....	86
86-Сұрақ. Шешімнің мазмұны (құрылымы).....	87
87-Сұрақ. Шешімді орындау тәртібі.....	88
88-Сұрақ. Сот шешімінің заңды күші.....	89
89-Сұрақ. Соттың бірінші инстанциясының ұйғарымдары.....	90
90-Сұрақ. Сот ұйғарымдарын жіктеу.....	91
<b>XVIII ТАҚЫРЫП. СЫРТТАЙ ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
91-Сұрақ. Сырттай іс жүргізу.....	92
92-Сұрақ. Сырттай шешімді шағымдау тәртібі және оның күшін жою негіздері.....	93
<b>XIX ТАҚЫРЫП. ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮМЕН ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
93-Сұрақ. Ерекше талап қоюмен іс жүргізу.....	94
<b>XX ТАҚЫРЫП. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
94-Сұрақ. Ерекше іс жүргізу.....	95
<b>XXI ТАҚЫРЫП.СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ</b>	
95-Сұрақ. Сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу.....	96
96-Сұрақ.Бірінші сатыдағы соттың апелляциялық шағымды, наразылықты алғаннан кейінгі әрекеттері. Апелляциялық тәртіппен іс қарау шеттері және нысанасы.Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі және іс қарау мерзімі..	97
97-Сұрақ. Апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою немесе өзгерту негіздері.....	98
98-Сұрақ. Қадағалау тәртібімен іс жүргізу.....	99
99-Сұрақ. Заңды күшіне енген сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру мерзімдері.....	100
100-Сұрақ. Қадағалау шағымын алдын ала қарау және алдын ала қарау бойынша қабылданатын шешімдер.....	101
101-Сұрақ. Қадағалау сатысында іс қарау шектері. Істі қадағалау тәртібімен қарайтын сот нұсқауларының міндеттілігі.....	102
102 Сұрақ. Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау.....	103
103-Сұрақ. Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттар және олардың өкілеттігі.....	104

*Нестай Шергалиевна Қамбарова*

## **АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ**

*оқу құралы  
альбом-кесте*

*«Нұр-пресс» ЖШС бас директоры  
Н. Н. Жансеитов*

*Беттеуші: А. А. Сляднева  
Корректор: Б. М. Джампеисова  
Дизайн: А. В. Милованов*

«Заң әдебиеті» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел./факс: (727) 226-03-29  
E-mail: zan-adebieti@rambler.ru

«Заң әдебиеті» ЖШС баспаханасында басылған